

*Цифрландыру

Коммуналдық саладағы жаңа технология

АТЫРАУДА ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ШЫҒАРУДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ПАЙДАЛАНЫЛМАҚ.

Қала тазалығына жауапты бірден-бір құрылым – «Арнаулы көлік базасы» ЖШС басшылығы журналистерге арнап өткізген баспасөз мәслихатының басты тақырыбы осы болды. Кәсіпорын сан-салалық қызметін цифрландыру жүйесіне көшіру бағытында қолданысқа енгізілген жаңа технологиялар мен



өміршендігін дәлелдеген оң шешімдер, олардың тиімділігі мен маңыздылығы басқосудағы әңгіменің арқауына айналды.

– Цифрландыру жобасы ең алдымен жабайы қоқыс орындарының ошағын анықтап, олардың санын азайтуға және жоюға мүмкіндік берді. Бұл жүйе саладағы қызмет көрсету сапасын бақылауға жол ашты. Мұнда қалдықтарды тиімді басқаруға арналған талдамалық деректер қарастырылған. Бұған дейін деректер қағаз жүзінде ұсынылып келсе, енді барлық процесс цифрлық форматта көрсетіледі. Мәселен қай уақытта, қай маршрутпен, қандай учаскеде жұмыс атқарылғанын нақты біліп отыруға болады.

Нақтылай кетсем, бұдан бұрын қолға алынған «АИС–Отходы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (жобаны жасаушы Ресейдің «ТКО-Информ» компаниясы) толықтай өндіріске енгізу алты ай уақыт алды. Қорытындысында тың бастама бұл салада қордаланған көптеген проблемалар мен өзекті мәселелердің оң шешімін табуына септесті. Коммуналдық немесе қатты тұрмыстық қалдықтар, жылы аядамалар, көше әжетханалары, құрылыс-жөндеу жұмыстары қалдықтарды жинақтау жұмыстары цифрлық технологияға көшірілді. «Арнаулы көлік базасы» ЖШС базасында қоқыс жинау процесін диспетчерлеу және мониторингтеу жүйесі енгізілді. Жоба қоқыс таситын көліктердің қозғалысын нақты уақыт мерзімінде бақылап, қалдықтардың қайда және қалай төгілетінін дәл есепке алуға мүмкіндік туғызып отыр, - деді кәсіпорын директоры Алмас Ізтелеуов.

(Соңы 6-бетте)

*Қаһарман

АЛАПАТПЕН арпалысқан ОН БІР күн



«АҚЖАЙЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ РЕЗЕРВАТЫ – ЕЛІМІЗДІҢ БАТЫСЫНДАҒЫ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІК ПЕН ТАБИҒИ ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІҢ АЛТЫН БЕСІГІ. БҰЛА – «ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА» ЕНГЕН ҚҰСТАРДЫҢ ҰЯСЫ, ЖАЙҚАЛҒАН ҚАМЫСТЫҢ МЕКЕНІ, ТҰМСА ТАБИҒАТТЫҢ ТҰЛА БОЙЫ. АЛАЙДА МАУСЫМ АЙЫНДА ОСЫ ТЫНЫШТЫҚТЫ «ТІЛСІЗ ЖАУ» БҰЗЫП, ТЕҢІЗ ЖАҒАСЫНДАҒЫ КӨК ТІРЕГЕН ҚАМЫСТАР ОТ ҚҰШАҒЫНА ОРАНДЫ.

(Толығырақ 7-бетте)

*Медицина

Жаңа әдістің артықшылығы бар

ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫНДА ӨНІРДІҢ 20 ОТОРИНОЛАРИНГОЛОГ ДӘРІГЕРІНЕ АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ ӨТІП ЖАТЫР. ІС-ШАРАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР «ОНЫҢ МАҚСАТЫ МҰРЫН ҚУЫСЫНДАҒЫ ЖАҢА ТҮЗІЛІМДЕРДІ ЗАМАНАУИ ЭНДОСКОПИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ШАҒЫН ТІЛІКТІ ҒАНА ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ӘДІСТЕРМЕН ЕМДЕУДІ ҮЙРЕТУ» ДЕЙДІ.



Шеберлік сабағы барысында әртүрлі патология бойынша облыстық балалар ауруханасы дәрігерлерінің қатысуымен 6 ота жасалады. Оқыту бағдарламасын Беларусь Республикасынан келген жоғары санатты маман Иван Горностай жүргізуде.

– Шағын тілікті қажет ететін хирургиялық әдістер науқастар үшін анағұрлым қолайлы: отадан кейінгі оңалту кезеңі қысқарады, ал инфекциялық немесе өзге де асқынулардың қаупі азаяды. Бұл тәсіл қазіргі заманғы оториноларингологияда кең таралып келеді. Мұндай шеберлік сабақтары дәрігерлердің біліктілігін арттырып, халықаралық стандарттарға сай сапалы медициналық көмекті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді,-деді ол.

Жоба оториноларингологиялық көмекті дамытудың маңызды қадамы саналып, болашақта мұндай оталарды өңірлік деңгейде де жасауға мүмкіндік бермек.

– Шеберлік сағатының басты ерекшелігі – өңірімізге Беларусь елінен келген медицина ғылымдарының кандидаты Иван Горностайдың қатысуы. Аталған компаниялардың қолдауымен жүзеге асқан бұл шара аясында тәжірибелі маман біздің аймақта ғана емес, еліміздің өзге өңірлерінде әлі қолға алынбаған күрделі оталарды жасауға ниетті,-деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Алмагүл Әбілова.

Шеберлік сабағы барысында жергілікті дәрігерлер халықаралық тәжірибені менгеріп, оны күнделікті қызметінде қолдануға дайын болады. Бұл өңірдегі медициналық көмектің сапасын арттырып, тұрғындардың денсаулығын жақсартуға оң ықпалын тигізбек.

Өз тілшіміз
суретті түсірген Әнуар ӘБІЛҒАЗИЕВ

*Мәселенің мәнісі

«ОЙСЫЛ ҚАРАНЫҢ» өлімі неден болды?

(Толығырақ 9-бетте)



*Кәсіпкерлік

Несие ал да, кәсіп аш!

22 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫНДА КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ –«ТАҢДАУ» ЖОБАСЫНА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ.

Бағдарлама қатысушыларға оқыту курсынан өтіп қана қоймай, бизнес бастау немесе кеңейту үшін пайызсыз қайтарымды қаржылай қолдау алуға мүмкіндік береді.

«Таңдау» жобасы аясында ондаған аудан тұрғыны өз кәсібін ашып немесе кеңейтіп үлгерді. Осылайша шағын кафе мен балалар студияларынан бастап жиһаз цехтары, мини-фермалар, сұлулық салондары, IT қызметтері мен медицина кабинеттері ел игілігіне қызмет етуде.

Жоба іске асқан уақыт ішінде 105 адам оқудан өтіп, олардың 44-і қаржылай қолдауға ие болды. Олардың ішінде әлеуметтік осал топтың өкілдері де бар.

Бағдарлама ең сұранысқа ие бағыттарға – қоғамдық тамақтану, білім беру, денсаулық сақтау және шағын өндіріс салаларына басымдық береді. Бұл салаларда жаңа жұмыс орындары жиі ашылады.

Жобаның басты артықшылығы – тұрақты қаржыландыру моделі: қайтарылған қаражат жаңа қатысушыларды қолдауға қайта жұмсалады. Бұл «Таңдау» жобасының үздіксіз жұмыс істеуіне және көбірек адамға көмектесуіне жол ашпақ.

– Жоба екінші жыл қатарынан табысты жүзеге асуда. Мақсаты – аудан бойынша жұмыссыздық деңгейін азайту және ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамыту. Қуантатыны – бағдарламаға жастар белсенді қатысып жатыр, әсіресе, қыз-келіншектер бастамашылдық танытуда. «Таңдау» жобасының жеңімпаздары 2,5-тен 5 миллион теңгеге дейін қаржылай қолдау ала алады,-деді Жылыой ауданы әкімінің орынбасары Гүлнафис Айшуақова.

Тамыз айында бизнес-идеяларды іріктеу басталады. Қатысушылар оқудан өтіп, қолдауға ие болып, өз табыс тарихын бастау мүмкіндігіне ие болады.

Азамат САНСЫЗБАЙҰЛЫ



